

**Зауреш Жумабаевна Аухадиева^{1*}, Жазира Ембергеновна Кекилбаева²,
Жанар Дәрменқызы Асқар³**

^{1*} автор-корреспондент, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
Алматы технологиялық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,

ORCID: 0000-0003-2453-3753 E-mail: zauresh.59@mail.ru

² педагогика ғылымдарының магистрі, Алматы технологиялық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0003-2944-2286 E-mail: nurai.79@mail.ru

³ әлеуметтік ғылымдар магистрі, Алматы технологиялық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0009-0006-5151-1611 E-mail: AZhD86@gmail.com

МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ ӨЛШЕМ БІРЛІКТЕРІНІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Андатпа. Ұсынылған ғылыми жұмыста кеңістік пен уақыт категориясына жататын метрологиялық бірліктерді қазақ тілінен ағылшын тіліне аударуда кездесетін тәсілдер жүйесі қарастырылады. Зерттеу барысында қазақ халқының көшпелі өмірінен хабардар ететін өлшем бірліктерінің ағылшын тіліне тәржімалау барысында пайда болған қиындықтар мен ерекшеліктер талданады. Нәтижесінде кеңістік пен уақыт категорияларының біртұтас екендігі тек қазақ тілінде ғана емес, құрылымы мүлде өзгеше ағылшын тілінде де айқындалды. Қазақ халқының дүниетанымын, тұрмыс-тіршілігін, мәдени өмірі мен тарихын ағылшын тілді оқырмандарға түсінікті, қарапайым етіп жеткізудің түрлі жолдарының бар екендігі, аударуда ұлттық колориттің толық сақталмайтыны және мағыналық сәйкессіздікке жол берілгені дәлелденді. Мақалада салғастырмалы (контрастивті), талдау және түсіндіру әдістері қолданылды. Ғылыми зерттеудің мақсаты – көшпелі мәдениет кезеңінен хабар беретін өлшем бірліктерінің басқа тілге аударылу ерекшеліктерін көрсету. Осыған орай, қазақ тіліндегі өлшем атауларын ағылшын тіліне аударудың тиімді жолдарын анықтау, олардың мағыналық және мәдени ерекшеліктерін салыстыра талдай отырып аударма сапасын көтеру – қазіргі аударматану мен әдебиеттану салалары үшін өзекті мәселелердің бірі. Зерттеу нәтижелері аударматану, этнолингвистика, контрастивті және когнитивті лингвистика, лексикология мен әдебиет салаларына ғылыми және практикалық негіз бола алады.

Тірек сөздер: этномәдени; өлшем бірліктері; кеңістік пен уақыт категориясы; аудару тәсілдері; қазақ тілі; ағылшын тілі.

Сілтеме жасау үшін: Аухадиева З.Ж., Кекилбаева Ж.Е., Асқар Ж.Д. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы өлшем бірліктерінің ағылшын тіліне аударылу ерекшеліктері. *Tiltanym*, 2026. №2 (102). 238-246-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-238-246>

**Зауреш Жумабаевна Аухадиева^{1*}, Жазира Ембергеновна Кекилбаева²,
Жанар Дәрменқызы Асқар³**

^{1*} автор-корреспондент, кандидат филологических наук, ассоциированный профессор,
Алматинский технологический университет, Казахстан, г. Алматы,

ORCID: 0000-0003-2453-3753 E-mail: zauresh.59@mail.ru

² магистр педагогических наук, Алматинский технологический университет,
Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0003-2944-2286 E-mail: nurai.79@mail.ru

³ магистр социальных наук, Алматинский технологический университет, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0009-0006-5151-1611 E-mail: AZhD86@gmail.com

ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА ЕДИНИЦ ИЗМЕРЕНИЯ НА АНГЛИЙСКИЙ ЯЗЫК В РОМАНЕ-ЭПОПЕЕ МУХТАРА АУЭЗОВА «ПУТЬ АБАЯ»

Аннотация. В данной научной работе рассматривается система переводческих приёмов, применяемых при передаче с казахского на английский язык метрологических единиц, относящихся к категориям пространства и времени. В ходе исследования проанализированы трудности и особенности перевода единиц измерения, отражающих кочевой образ жизни казахского народа, на английский язык. В результате было установлено, что единство категорий пространства и времени проявляется не только в казахском языке, но и в английском, имеющем совершенно иную структуру. Доказано существование различных способов передачи англоязычному читателю мировоззрения, быта, культурной жизни и истории казахского народа в доступной и понятной форме. Вместе с тем выявлено, что при переводе не всегда удаётся полностью сохранить национальный колорит оригинала, а также

допускаются отдельные смысловые несоответствия. В статье использованы сопоставительный (контрастивный), аналитический и интерпретационный методы исследования. Целью работы является выявление особенностей перевода единиц измерения, отражающих эпоху кочевой культуры, на другой язык. В этой связи определение наиболее эффективных способов перевода казахских наименований единиц измерения на английский язык, а также повышение качества перевода посредством сравнительного анализа их семантических и культурных особенностей представляют собой одну из актуальных задач современного переводоведения и литературоведения. Результаты исследования могут служить научной и практической основой для дальнейших исследований в области переводоведения, этнолингвистики, контрастивной и когнитивной лингвистики, лексикологии и литературоведения.

Ключевые слова: этнокультурный; единицы измерения; категория пространства и времени; способы перевода; казахский язык; английский язык.

Для цитирования: Аухадиева З.Ж., Кекилбаева Ж.Е., Аскар Ж.Д. Особенности перевода единиц измерения на английский язык в романе-эпопее Мухтара Ауэзова «Путь Абая». *Tiltany*, 2026. №2 (102). С. 238-246. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-238-246>

Zauresh Aukhadiyeva^{1*}, Zhazira Kekilbayeva², Zhanar Askar³

^{1*}Corresponding Author, Candidate of Philological Sciences, Associate Professor,

Almaty Technological University, Kazakhstan, Almaty,

ORCID: 0000-0003-2453-3753 E-mail: zauresh.59@mail.ru

²Master of Pedagogical Sciences, Almaty Technological University,

Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0003-2944-2286 E-mail: nurai.79@mail.ru

³Master of Social Sciences, Almaty Technological University, Kazakhstan, Almaty,

ORCID: 0009-0006-5151-1611 E-mail: AZhD86@gmail.com

PECULIARITIES OF TRANSLATING UNITS OF MEASUREMENT INTO ENGLISH IN MUKHTAR AUEZOV'S EPIC NOVEL "THE PATH OF ABAI"

Abstract. This study examines the system of translation techniques used in rendering metrological units related to the categories of space and time from Kazakh into English. The research analyzes the difficulties and specific features encountered in translating units of measurement that reflect the nomadic lifestyle of the Kazakh people. The findings demonstrate that the unity of the categories of space and time is manifested not only in the Kazakh language but also in the English language, despite their significant structural differences. The study identifies various ways of conveying the worldview, everyday life, cultural heritage, and history of the Kazakh people to English-speaking readers in a clear and accessible manner. At the same time, it is shown that the national and cultural specificity of the source text cannot always be fully preserved in translation, which may lead to certain semantic discrepancies. The research employs comparative (contrastive), analytical, and interpretative methods. The purpose of the study is to identify the specific features of translating units of measurement associated with the period of nomadic culture into another language. In this regard, determining effective strategies for translating Kazakh measurement terms into English and improving translation quality through a comparative analysis of their semantic and cultural characteristics constitute one of the pressing issues in contemporary Translation Studies and Literary Studies. The results of the research may serve as a theoretical and practical basis for further studies in Translation Studies, Ethnolinguistic, Contrastive and Cognitive Linguistics, Lexicology and Literary Studies.

Keywords: ethnocultural; units of measurement; the category of space and time; translation techniques; Kazakh language; English language.

For citation: Aukhadiyeva, Z., Kekilbayeva, Zh., Askar, Zh. Peculiarities of Translating Units of Measurement into English in Mukhtar Auevov's Epic Novel "The Path of Abai". *Tiltany*, 2026. No.2 (102). Pp. 238-246. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-238-246>

Қысқашы

Адамзат, жан-жануар, күллі дүниедегі заттар материя болмысының объективті өмір сүру формаларының біріне жататын кеңістік категориясында өмір сүреді. Кеңістік пен уақыт философия, лингвистика сияқты салаларда болмыстың әмбебап категориялары ретінде қарастырылады.

Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы кең және тар, жуан және жіңішке, ұзын және қысқа, алыс және жақын, ұзақ сияқты кеңістік пен уақыттың салыстырмалы түрдегі сипатын көрсететін тарихи ұғымдарға бай туындылардың біріне жатады. Әсіресе халықтың дүниетанымы мен тұрмыс-тіршілігіне негізделген дәстүрлі өлшем бірліктері кеңістік пен уақыт туралы ұлттық танымның маңызды көрсеткіштері саналады. Аталған шығарма – тек әдеби құндылық ғана емес, сонымен қатар тіл арқылы ұлттық руханиятты сақтаудың маңызды көзі.

Осы тұрғыдан алғанда, бір тілде жазылған мәтінді екінші тілге аудару – тек лингвистикалық үдеріс емес, басқа мәдениетпен танысудың, мәдениаралық байланыс құрудың маңызды құралы. Аударманың өзі мәдениаралық қарым-қатынастың негізі, өйткені ол тілдік кедергілерді жойып, басқа мәдениетті танып білудің жолын көрсетеді (Келлер, 2010: 110).

Қазіргі аударматану саласында ұлттық бояуға ие тілдік бірліктерді өзге тілге жеткізу мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр, себебі мұндай бірліктер тарихи-мәдени кодты бойына жинақтайды. Қазақ халқының дәстүрлі өлшем бірліктері – тек кеңістік пен уақытты өлшеудің тәсілі ғана емес, сонымен қатар халықтың қоршаған ортаны қабылдау ерекшелігін көрсететін танымдық категория. Дегенмен де халықтық өлшем бірліктерін өзге тілдерге аудару барысында олардың ұлттық-мәдени семантикасын толық сақтау мүмкін бола бермейді. Сондықтан көркем мәтіндегі дәстүрлі өлшем бірліктерінің аударылу ерекшеліктерін зерттеу аударма сапасын бағалауда және мәдени ақпараттың берілу деңгейін анықтауда маңызды ғылыми мәселе болып отыр. Осыған байланысты Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы кеңістік пен уақыт қатынастарын білдіретін дәстүрлі өлшем бірліктерінің ағылшын тіліне аударылу тәсілдерін талдау олардың ұлттық-мәдени мазмұнының қаншалықты сақталғанын айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – шығармадағы кеңістік пен уақыт категориясына жататын өлшем бірліктерінің ағылшын тіліне аударылуы алғаш рет этномәдени және аударматану тұрғысынан кешенді түрде талданып отыр.

Материал және әдістер

Мақаланың зерттеу материалы ретінде М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы өлшем бірлік атаулары және олардың «дәнекер – орыс тілі» арқылы ағылшын тіліне аударылған Л. Наврозов нұсқасы пайдаланылды.

Аталған шығарманың алғашқы кітабы 1942 жылы, екінші кітабы 1947 жылы басылды, екі кітабы 1948-1949 жылдары қазақ, орыс тілдерінде қатар жарияланды, үшінші және төртінші басылымдары 1952-1956 жылдары жарыққа шықты. Кейін шығарма толықтырылып, өңделген нұсқада 1989 жылы екі том болып қайта басылды. Эпопеяның орыс тіліндегі аудармасын Л. Соболев бастаған аудармашылар тобы әзірлеген, ал Л. Наврозов орыс тіліндегі мәтінді ағылшын тіліне аударып, 1975 жылы Мәскеу қаласындағы «Издательство литературы на иностранных языках» және «Радуга» баспаларынан шығарған.

Зерттеу барысында салғастырмалы (контрастивті), талдау және түсіндіру әдістері қолданылды. Салғастырмалы әдіс зерттеудің негізгі өзегін құрайды, себебі ол құрылымы әртүрлі тілдер арасындағы ерекшеліктер мен айырмашылықтарды анықтап, тұжырымды қорытындыға келудің басты құралы. Талдау мен түсіндіру әдістері аударма үдерісінде қатар қолданылды, өйткені түпнұсқа мәтін мен оның аударма тіліндегі баламасы арасындағы сәйкестікті анықтау барысында трансформациялау жолдарын түсіндіруді қажет етеді. Аталған әдістердің үйлесімді қолданылуы кеңістік пен уақыт категориясына жататын метрологиялық бірліктердің мағыналық және мәдени ерекшеліктерін сақтай отырып, қазақ тілінен ағылшын тіліне жеткізу тетіктерін ашуға мүмкіндік берді.

Әдебиетке шолу

Қазақ халқының дәстүрлі өлшем бірліктері – ғасырлар бойы қалыптасқан халықтық тәжірибе мен дүниетанымның нәтижесі. Метрлік жүйе енгізілгенге дейін қашықтық, көлем, салмақ және уақыт мөлшерлері күнделікті қажеттіліктерге сәйкес анықталып отырған. Еңбек құралдарын, қару-жарақтарды жасау, киім тігу, баспана салу барысында оларды дұрыс әрі ыңғайлы ету үшін өлшеу керек еді. Тұрмыстық заттардың салмағын, көлемін, ұзындығын анықтау қажеттігі де алғашқы өлшем бірліктерінің дүниеге келуіне ықпал етті. Ең алғашқы өлшеу құралдары ретінде адамдар өздерінің дене мүшелерін пайдаланған. Мәселен, саусақ, бармақ, шынашақ, буын, алақан, шынтақ, табан, қарын, бас тағы басқалары көшпелі өмір салтында маңызды рөл атқарған.

Этномәдени мазмұнға ие тілдік бірліктерді аудару мәселесі аударматану ғылымындағы өзекті бағыттардың бірі болып саналады. Жалпы аударманың мақсаты – түпнұсқа тілдегі мәтін мен аударылатын тілдің мәтіні арасында эквиваленттік қатынастарды орнату. Британ зерттеушісі

Тео Херманс өз еңбектерінде аударманы әдебиет пен мәдениеттің ажырамас бөлігі деп қарастырса (Hermans, 2003: 382), Лейпциг университетінің профессоры Вольфганг Лёшер аударма үдерісіндегі қателердің табиғаты мен аудармашылық күзіреттілік ерекшеліктеріне назар аударады (Wolfgang, 1991: 136). Ағылшын аударма теориясының бірден-бір негізін қалаушысы Теодор Сэвори «Аударма өнері» атты еңбегінде түпнұсқа мәтіннің мазмұны мен ұлттық ерекшеліктерін сақтаудың негізгі принциптерін талдайды (Savory, 1957: 68). Лю Ян «Translation and English Language Learning» атты мақаласында аудармаға негізделген әдістердің ағылшын тілін үйренуге қалай әсер ететінін, аудармада пайдаланылатын сөздіктің рөлін сипаттаған (Liu Yang, 2025: 18543). Ал Халисе Гүлмүш Сыркынты аударманың жекелеген халықтардың мәдениеті мен тарихында маңызды орын алатыны туралы: «...техникалық салада кездесетін мәтіндерге қарағанда көркем әдебиетті аударудың машақаты көп, себебі әдеби тіл бай әрі күрделі» деп біраз қиындық бар екенін тілге тиек етіп отыр (Gülmüş, 2025: 18). Аударма теориясының қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдардың қатарында В.Н. Комиссаров пен Я.И. Рецкердің еңбектері зор. С. Влахов пен С. Флорин ұлттық-мәдени ерекшеліктерді білдіретін реалий сөздердің аударылуына ерекше назар аударған, ал С.Г. Тер-Минасова тіл мен мәдениеттің өзара байланысын егжей-тегжейлі қарастырған. Е.В Бреус пен М.П. Алексеев көркем аудармадағы тілдік трансформациялардың ерекшеліктерін талдаған, ал Е.А. Мисуно мен И.В. Шаблыгина аударма үдерісінде қолданылатын әдіс-тәсілдердің тиімділігіне тоқталады. Х. Зейналова өзінің «Translation Challenges of Cultural Realia in English Literary Texts: Semantic and Pragmatic Aspects» атты ғылыми жұмысында реалий сөздерді аударудың ерекшеліктері мен прагматикасы, олардың аударма барысында кездесетін өзекті мәселелері жөнінде тұжырымдар жасаған (Zeynalova, 2025: 74).

Қазақ тіліндегі көркем шығармаларды өзге тілдерге аудару мәселелері отандық ғалымдардың зерттеулерінде жан-жақты қарастырылған. Ж.К. Алшинбаева «Абай жолы» романындағы фразеологизмдердің этномәдени семантикасының орыс және ағылшын тілдеріне аударылу ерекшеліктерін зерттеген (Алшинбаева, 2022: 42). С. Жабаева Абай Құнанбаевтың «Қара сөздерін» ағылшын тіліне тәржімалау барысында реалийлердің семантикасы мен прагматикасы мәдени кодты, ұлттық және көркемдік ерекшеліктерді түсіну үшін өте маңызды екенін атап көрсетеді (Жабаева, 2023: 398). Д.Е. Сибгатовна мақаласында М. Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі ұлттық колоритті білдіретін реалий сөздердің қазақ тілінен ағылшын тіліне аударылуы туралы ой-пікірімен және тәжірибесімен бөліскен (Сибгатовна, 2011: 349). Отандық ғалымдар Ө. Айтбаев, А.Ж. Жақсылықов, А.Қ. Жұмабекова, А. Алдашева көркем шығармаларды аудару мәдениеті мен жалпы аударматану ғылымының басты ұғымдары жайлы құнды пікірлер айтқан. Ә.С. Тарақов, А. Ислам аударманың ең күрделі түрі – ілеспе аударма туралы зерттеу жүргізген және оның қиындық туғызатын психофизиологиялық белгілері мен аударма стратегиясын қарастырған. С. Құлманов аударманы бір тілдегі ауызша немесе жазбаша мәтінді екінші тілге жеткізу үдерісі ретінде сипаттайды (Құлманов, 2015: 6). Автор өз еңбегінде аударматанудың теориялық негіздерін, технологияларын және аудармашының кәсіби күзіретіне қойылатын талаптарды жүйелі талдайды.

Соңғы жылдары қазақ көркем әдебиетін ағылшын тіліне, әсіресе дәнекер тіл арқылы аудару мәселесіне ерекше назар аударылып келеді. Осы бағыттағы маңызды зерттеулердің бірі – Н. Рсалиеваның «Көркем аударманың келелі мәселелері» атты монографиясы. Автор І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларын салыстыра отырып, дәнекер тіл арқылы аударудың салдарынан туындаған семантикалық, стилистикалық, грамматикалық, орфографиялық ауытқуларды, сондай-ақ этномәдени ақпараттың толық жеткізілмеуі мен ұлттық колориттің әлсіреуін нақты тілдік деректер арқылы көрсетеді. Автордың ұлттық-мәдени мазмұнды тұжырымдары көркем мәтіндегі ұлттық-мәдени мазмұнды сақтауға және аударма мәселелерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді (Рсалиева, 2024: 256). Аталған еңбек «Абай жолы» эпопеясындағы халықтық өлшем бірліктерінің аударылуын зерттеуде маңызды теориялық-әдіснамалық негіз болып отыр.

Нәтижелер және талқылау

М. Әуезовтің түпнұсқасында кездесетін негізгі өлшем бірліктері – ұзындық пен

қашықтықты білдіретін сөздер немесе тіркестер. Мәселен: «Әжесі әуелде көп-көп ертектер айтқан. Оның әңгімелерін Абай *көш бойы* да айтқыза беретін» (Әуезов, 1989: 41). – “Zereh knew many stories. Abai made her tell them to him even the *during migration journey*” (Auezov, 1975: 80).

Аудармашы Л. Наврозов *көш бойы* тіркесін ағылшын тіліне *during migration journey* деп тәржімалаған, яғни тура баламасы *көші-қон сапары, жол жүру кезінде* деген мағынада қолданылады. *Көш бойы* – бүкіл бір ауыл, бірге қоныстанған бір рулас ағайын жұрттың көшінің көзбен шамалағанда шұбалаңқы, ұзына бойы созылған көш көрінісі арқылы межеленген өлшемі (Өтебаева, Солтанбекова, 2021: 94) дегенді білдіреді екен.

«Ұлжан ауылы мен Абай ауылы осыдан *қозы көш жерде* болатын» (Әуезов, 1989: 513). – “Where *nearby* were located auls of Ulzhan and Abai’s” (Auezov, 1975: 403). Бұл сөйлемде *қозы көш жерде* деген фразеологизм *nearby* – *жақын жерде* деп тәржімаланған.

Ертеде ата-бабаларымыз мал өрісіне байланыстыра отырып арақашықтықты мөлшерлеп, санап отырған. Мысалы: «Бөжей қыстауы *қозы өрісіндей жерде тұр*» (Әуезов, 1989: 64). – “Bozhei’s winter quarters lay *not far*” (Auezov, 1975: 89). *Қозы өрісіндей жерде* – *not far* деп беріп отыр, егер аудармашы қазақтың тарихи метрологиясына тереңірек үңілсе, *қозы өрісіндей жер* 5-6 шақырымды, ал *қозы көш жер* 6-7 шақырымды құрайды екен (Тауұлы, 2017: 65-67). Бұл мысал аудармашының ұлттық өлшемнің нақты сандық мазмұнын емес, оның жалпы семантикасын сақтауға ұмтылғанын көрсетеді. Нәтижесінде қашықтық туралы ақпарат сақталғанымен, өлшем бірлігінің этномәдени ерекшелігі бейтараптандырылған.

Мына мысалда: «Қыстауыңның іргесінде, *желі басындай жерде* тұрса да, Бетқұдықта тұрды» (Әуезов, 1989: 107). – “How things stood with the Betkudik *fields*” (Auezov, 1975: 126), *fields* сөзінің мағынасы *өріс, дала, егістік жер* деп беріледі. Жалпы *желі басындай жерде* тіркесінің негізгі мәні ірі малдарды: түйе, сиыр, жылқыны сауған кезде төлдерді байлау үшін екі қазыққа кере тартып байлаған кендір арқан, ол шамамен 1-1,5 метр болады.

«*Көз ұшына* кетіп, ұзап алды» (Әуезов, 1989: 4). – “He dashed *far*” (Auezov, 1975: 22). Аудармашы *көз ұшына* сөз тіркесін *far* – *алыста* деген сөзбен тұспалдап жеткізіп отыр.

«*Табалдырықтан төрге шейін* әдемі алаша жайылған» (Әуезов, 1989: 172). – “Rugs covered *all the floor space*” (Auezov, 1975: 189). Сөйлемдегі *табалдырықтан төрге шейін* тіркесі *all the floor space* – *бүкіл еден бойы* деп аударылған. Айта кететін жайт, көркем шығармаларды тәржімалауда баламасыз лексика жиі кездеседі және оларға сәйкес келетін сөздер мен тіркестерді табу үшін транслитерация, транскрипция, калькалау, суреттеу, мағыналық аудару, сипаттама әдістері қолданылады (Артистов, 1959: 208). “I’d hoped to receive at least *a scarp of the land*” (Auezov, 1975: 128). – «Иен жатқан жерден тым құрыса *бір құдық жер* тиер деп едім» мысалындағы *бір құдық жер* тіркесінің баламасы *a scarp of the land* берілген, аудармасы *алақандай/аядай жер* дегенді білдіреді. Мал шаруашылығын кәсіп еткен қазақ халқы үшін құдықтың, оның ішіндегі судың алатын орны ерекше болған «...су көзінің жер бетінен қанша тереңдіктен шығатыны, оның ені, су көзі қабатының қоры, су қорының сақталуы, су көзін пайдалану мерзімі, бір күнде қанша бас малды суаруға мүмкіндік бар» (Қартаева, 2019: 212-214) деген сауалдарды қоя отырып, көш бойы құдық қазып отырған және өлшем бірліктерінің бірі ретінде пайдаланылған. Құдықтың ені шамамен 1 м, ал тереңдігі судың қай деңгейде жатқанына байланысты 2 м бастап 10-15 метрге дейін баруы мүмкін. Келтірілген барлық мысалдардың ағылшынша нұсқасында мағыналық аудару тәсілі қарастырылған, себебі тіркестердің этномәдени мағынасын дәл қазақ тіліндегідей жеткізу – өте күрделі мәселе. «...аудармашы көбінесе әртүрлі мәдениеттерді таныстырушы рөлін атқарушы ретінде қарастырылады. Ол бір жағынан, ана тілі мәдениетінің тасымалдаушысы, екінші жағынан, аударма тілі мәдениетін жетік білетін маман болып есептелу керек» (Liu Yang, 2025: 4) деген пікірмен толық келісеміз. Кейбір жағдайларда аудармашы сөйлемдердегі тіркестерді тәржімалау барысында балама тәсілін пайдаланған, мысалы:

«Айналасы *он шақырымдай жерде* қалың ауыл иін тіресе отырған» (Әуезов, 1989: 156). – “The auls packed the steppes closely for *ten miles*” (Auezov, 1975: 177).

«Саны елу-алпыс тігілген үйлер *бір шақырымдай жерге* ұзыннан ұзақ екі қатарға тігілген» (Әуезов, 1989: 184). – “There were as many as five or six dozen yurtas, extending in a double row for

no less than a mile”.

«Осы күндері ауылдардан он бес шақырымдай жерде халық әбігерге түсіп жатыр (Өуезов, 1989: 386). – “These days, people are in a state of panic about fifteen versts from district” (Auezov, 1975: 315).

Келтірілген мысалдардағы *шақырым* ағылшын тілі оқырмандарына таныс *mile* және *verst* өлшем бірліктері арқылы берілген. Бұл жағдайда аудармашы дәл сандық сәйкестікті емес, қашықтық туралы жалпы түсінікті сақтауды көздеген.

М. Өуезовтің «Абай жолы» романында *тай шаптырым жер*, *құнан шаптырым жер*, *ат шаптырым жер* тәрізді дәстүрлі қашықтық өлшемдері жиі кездеседі. Аталған өлшем бірліктері қазақ халқының көшпелі өмір салтымен және жылқыны негізгі көлік құралы ретінде пайдалануымен байланысты қалыптасқан. Қазақ халқы қашықтықты көбінесе жылқының шабыс мүмкіндігімен өлшеп, оны күнделікті тұрмысында кеңінен қолданған. Мысалы: «Ұзындығы *тай шаптырымдай* өлке бойына кем қойса он бестей ауыл қонышты (Өуезов, 1989: 371). – “At a distance of two year old’s run, he could count at least 15 auls huddled together” (Auezov, 1975: 304). Аудармашы осы тұста сипаттама тәсілін ұсынып ағылшын тілді оқырманға түсінікті болу үшін ескертпе сілтемеде: *Distances in the steppes were sometimes measured by the lengths covered by the horses in the baiga (races): Run of a foal – 5 kms, Run of two year old – 8 to 10 kms, of a horse – 20-35 kms* – аудармасы: *даладағы қашықтықты кейде бәйгедегі жылқылардың жүріп өткен жолымен өлшейтін: құлынның шабысы 5 км, құнан шабысы 8-ден 10 км-ге дейін, ал ат шабысы 20-35 километрге дейін жетеді* деген анықтама берген. Аудармашы осы тәсіл арқылы қазақтың дәстүрлі қашықтық өлшемдерінің шамамен қанша километрге сәйкес келетінін анықтап, ақпараттың сақталғанын көрсеткен.

«Бұдан бұрынғы екі күндік жерде үлкендер жылдам жүрмеді (Өуезов, 1989: 5). – “During the two days of the journey the elders had exasperated him with their dawdling” (Auezov, 1975: 22). Берілген сөйлемдегі тіркестің аудармасы түпнұсқа мазмұнына балама бола алады және тиімді әдістің бірі ретінде қабылдаған орынды деген пікірді қолдауға болады.

Оқиғаның бәрі әйтеуір бір жерде және бір мезгілде, басқаша айтқанда, кеңістік пен уақыт ішінде өтеді. Физикалық дененің кеңістіктегі орны уақыт өтуіне байланысты өзгеріп отырады және де айтылған ойдың дәлелі ретінде келесі мысалды қарастырайық: «*Күнұзын* аттан түспей, оқ бойы алда отырған» (Өуезов, 1989: 4). – “The boy continually spurred his horse on, in order to keep an arrow’s flight ahead of companions” (Auezov, 1975: 21). *Күнұзын* – continually, яғни үздіксіз, барлық уақытта, ал *оқ бойы* (1,0-1,5 м жебе ұзындығы бойымен) – *тым таяу*, оқ жетер мөлшеріндегі қашықтық мағынасын береді, ал ағылшын тіліндегі баламасы *an arrow’s flight* – *жебенің ұшу қашықтығы* деп тәржімаланған. «...қиыр жайлаудан, *ит арқасы қияннан*, *күн-түн* қатып бар деп кәрі шешесі мені жұмсады» (Өуезов, 1989: 429). – “His old mother sent me all that way, with orders to keep galloping *day and night*” (Auezov, 1975: 362). Осы мысалдағы *қиыр жайлаудан, ит арқасы қияннан* тіркесі *all that way*, яғни *жол бойы* деп аударылған, ал *күн-түн* тіркесін *day and night* тура мағынасында берген. «Ұлжан *жолдың ұзақ* болатанын білді (Өуезов, 1989: 287). – “Ulzhan knew the journey would be long” (Auezov, 1975: 267). Берілген мысалдардағы *күнұзын*, *күн-түн*, *ұзақ*, *қиыр жайлаудан*, *ит арқасы қияннан* *all that way*, *day and night*, *the journey long* сияқты лексемалар мен тіркестердің мағынасында ұзындықты білдіретін өлшем имплицитті берілген, демек, уақыт пен кеңістік төрт өлшемді жүйе екендігін осы мысалдардан байқауға болады. А. Сейдімбек көшпелі қазақ уақыт пен кеңістікті бір-бірінен ажыратпай, тұтастықпен танып түсінуді дәстүр еткенін жазды. Қазақ тіліндегі «ұзақ» деген сөз уақыт пен кеңістікке бірдей қатысты. Бұған «ұзақ жол», «күн ұзақ», «жол ұзарту», «уақытты ұзарту» т.б. тіркестер дәлел бола алады (Сейдімбек, 1997: 54).

Жинақталған тілдік деректер қазақ халқының дәстүрлі танымында уақыт пен кеңістіктің өзара сабақтас категориялар ретінде қабылданғанын көрсетеді. Сондықтан көптеген өлшем бірліктері белгілі бір қашықтықты ғана емес, сол қашықтықты еңсеруге кететін уақыт мөлшерін де қатар білдіреді.

Кейбір лингвист ғалымдар аудармада баламалыққа қол жеткізудің негізгі тәсілдері ретінде транспозиция, қосу, түсіру және ауыстыруды ұсынады (Алексеева, 2004: 128). Автордың

тұжырымы бойынша мұндай тәсілдер түпнұсқа мәтінін стильдік тұрғыдан түрлендіруге, этномәдени сөздер мен сөз тіркестерін тәржімалауда кездесетін қиындықтарды жеңілдетуге септігін тигізеді. Мәселен, «Семізін елден алғызуға *жер мойны қашық* (жетуі өте алыс жер мағынасында)» (Әуезов, 1989: 165). «*Алты айлық құла тұз* (атпен жүргенде алты ай шамасында жетуге болатын қашықтық), *құм сахарада (үлкен шөл дала)* шашылған, панасыз ел» (Әуезов, 1989: 432). «*Жол бойы* бәйбішесіне айтқан жалғыз сөзі» (Әуезов, 1989: 152). «Құнанбай ауылы анау көрініп, *жер шегіне* іргесін қалап отыр» (Әуезов, 1989: 191). «Абай *түстік жерге* (түске дейін жүріп өтетін арақашықтық) барғанша жыр шертті» (Әуезов, 1989: 313). «Жаясының майы *бір елі (сұқ саусақтың еніне тән өлшем бірлігі, шамамен 2 см)* шықпаса мұрнымды кесіп берейін» (Әуезов, 1989: 455) сөйлемдері мүлдем аударылмай қалған. Аталған түсіру әдісінің үміті ақталмады деп пайымдауға болады, себебі мысалдардағы өлшем бірліктері тарихымыз бен мәдениетімізді еске салып отыратын ұлттық-мәдени бояуы бар тілдік бірліктер ретінде қабылданады.

Кеңістік пен уақыт категорияларының төрт өлшемділігін (биіктігін, ұзындығын, енін және мерзімін) ескере отырып, Мұхтар Әуезов «Абай жолы» эпопеясында объективті дүниедегі физикалық денелердің қалыпты/статикалық, қозғалыс күйіндегі/динамикалық, тік/көлденең жазықтықтағы және көлемдік қисындағы түрлері мен қозғалыс уақытын әртүрлі этномәдени лексика, фразеологиялық тіркестер арқылы суреттегені мысалдармен дәлелденді.

Зерттеу барысында өлшем категориясы бірліктерінің қазақ тілінен ағылшын тіліне тәржімасын салғастырмалы әдіс арқылы талдай отырып сипаттама, балама, мағыналық аудару, түсіру, сөзбе-сөз сияқты тәсілдердің пайдаланылғаны анықталды.

Көркем шығармадағы ұлттық дүниетанымды көрсететін кейбір дәстүрлі өлшем бірліктері бар мәтіндердің түсіп қалуы мен тәржімаланбауы халықтың мәдени-тарихи аспектілерімен толық танысуға кедергі келтіретінін айта кеткенді жөн санадық. Кейбір өлшем бірліктерін ағылшын тіліне аудару барысында кездескен негізгі қиындық – олардың ұлттық-мәдени мазмұны мен тура баламасының болмауында. Дегенмен Мұхтар Әуезовті ХХ ғасырдың ұлы жазушысы ретінде әлемге танытқан «Абай жолы» романы дүние жүзіндегі көптеген халықтардың тіліне, соның ішінде ағылшын тіліне де тәржімаланғандықтан, оны ағылшын тіліне аударған аудармашының еңбегін атап өткен жөн. Шығармасы өз тілінен басқа тілдерге аударылмаған ел «мен мәдениетті елмін» деп айта алмайды деген С. Мұқановтың пікірін қолдаймыз.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, «Абай жолы» эпопеясындағы этномәдени лексика мен сөз тіркестерін ағылшын тіліне тәржімалау – тек тілдік құбылыс қана емес, сонымен қатар мәдениаралық коммуникацияның маңызды аспектісі. Аударма барысында халықтық өлшем бірліктерінің ағылшын тіліндегі баламасын таңдауда кездесетін қиындықтар түпнұсқа мен мақсатты тіл арасындағы мәдени және танымдық алшақтықтан туындайды.

Зерттеу барысында эпопеядан кеңістік пен уақыт категориясына жататын 200-ге жуық өлшем бірліктері таңдалып, олардың ағылшын тілінде берілу ерекшеліктері салғастырмалы тәсіл арқылы талданды.

Қазақтың дәстүрлі өлшем бірліктері әртүрлі аударма стратегиялары арқылы берілген. Олардың бір бөлігі сипаттамалы, баламалы, мағыналық және сөзбе-сөз аудару тәсілдері арқылы сәтті жеткізілсе, кейбірі еркін аудару мен түсіру тәсілінің қолданылуы нәтижесінде ұлттық-мәдени реңкін жоғалтқан.

Зерттеу нәтижелері дәнекер тіл арқылы аудару барысында ұлттық-мәдени ақпараттың жиі көмескіленуі мүмкін екенін көрсетті. Осындай олқылықтарға қарамастан, аударылған шығарма қазақ халқының дүниетанымын халықаралық аудиторияға таныстыруда маңызды мәдени көпір қызметін атқарады. Мұндай сәйкессіздіктерді болдырмаудың жолы – шығарманы тікелей қазақ тілінен шет тілдеріне аудару тәжірибесін кеңейту.

Әдебиеттер

Алексеева И.С. Введение в переводоведение (общие и лексические проблемы). – СПб.: Филологический

факультет СПбГУ, 2004. – 352 с.

Алшинбаева Ж.К. Көркем мәтіндегі фразеологизмдердің этномәдени семантикасы және оның тіларалық берілуі (қазақ және ағылшын тілдері материалдары негізінде): философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Нұр-Сұлтан, 2022. – 124 б.

Артистов Н.Б. Основы перевода. – Москва: Издательство литературы на иностранных языках, 1959. – С. 64-67.

Әуезов, М. Абай. – Мәскеу: Прогресс, 1975. – 459 б.

Әуезов М. Абай жолы: роман-эпопея. – Алматы: Жазушы, 1989. – Кн. 1. – 608 б.

Кашкин И.А. Для читателя-современника: статьи и исследования. – Москва: Советский писатель, 1977. – С. 558-560.

Қартаева Т. Маңғыстау, Үстірт қазақтарының дәстүрлі гидротехникалық білімі // Отан тарихы. – 2019. – № 3(87). – 205-223-66.

Құлманов С. Аударманың өзекті мәселелері. – Алматы: Palitra-Press, 2015. – 206 б.

Өтебаева Ә.Ә., Солтанбекова А.Ә. Халықтық өлшем бірліктерінің этномәдени семантикалық көрінісі // Тілтаным. – 2021. – № 3(83). – 89-102-66.

Рсалиева Н. Көркем аударманың келелі мәселелері (І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармалары негізінде). – Алматы: «Sardar G», 2024. – 256 б.

Сейдімбек А. Қазақ әлемі: этномәдени пайымдау. – Алматы: Санат, 1997. – 464 б.

Сибгатов Д.Е. О точности воспроизведения национального колорита реалий в переводах повести М. Ауэзова «Коксерек» на русский и английский языки // Eurasian Journal of Philology: Science and Education. – 2011. – Т. 132. – № 2. – 349-351-66.

Тауұлы Ә. Қазақ салт-дәстүрлері. – Алматы: Балауса, 2017. – 384 б.

Auezov M. Abai (Abridged). – Moscow: Progress Publishers, 1975. – 459 p.

Hermans, T. Cross-cultural Translation Studies as Thick Translation // Bulletin of the School of Oriental and African Studies. 2003. Vol. 66. No. 3. Pp. 380-389.

Keller, T. Kulturtransferforschung: Grenzgänge zwischen den Kulturen // Kultur. Theorien der Gegenwart. Wiesbaden: VS Verlag für Sozialwissenschaften, 2010. Pp. 101-114.

Liu, Yang. Translation and English Language Learning: A Study on Its Effectiveness Across Different Levels of Proficiency. 2025. Vol. 30. Pp. 18539-18577.

Lörscher, W. Translation Performance, Translation Process and Translation Strategies. Tübingen: Gunter Narr Verlag, 1991. 136 p.

Savory, T. The Art of Translation. London: Jonathan Cape, 1957. 68 p.

Sırkıntı, H.G. Turkish-to-English Short Story Translation by DeepL: Human Evaluation by Trainees and Translation Professionals vs. Automatic Evaluation // Marmara University Journal. 2025. Vol. 11. Issue 1. Pp. 17-42.

Zeynalova, H. Translation Challenges of Cultural Realia in English Literary Texts: Semantic and Pragmatic Aspects // EuroGlobal Journal of Linguistics and Language Education. 2025. Vol. 2. No. 1. Pp. 70-78.

Zhabayeva, S. The Pragmatics of Translating Proverbs and Sayings from Kazakh into English (on the Material of Book of Words by Abai Kunanbaev) // Ablai Khan KazUIR&WL Bulletin. Philological Sciences Series. 2023. No. 3(70). Pp. 395-406.

References

Alekseeva, I.S. (2004) Vvedenie v perevodovedenie (obshhie i leksicheskie problemy). SPb.: Filologicheskij fakultet SPbGU, 352 s. [Alekseyeva, I.S. (2004) Introduction to Translation Studies (General and Lexical Problems). Saint Petersburg: Faculty of Philology, Saint Petersburg State University, 352 p.] (in Russian)

Alshinbaeva, Zh.K. (2022) Korkem matindegi frazeologizmderding jetnomadeni semantikasy zhane onyng tilaralyq berilui (qazaq zhane agylshyn tilderi materialdary negizinde): filosofija doktory (PhD) darezhesin alu ushin dajyndalghan dissertaciya. Nur-Sultan, 124 b. [Alshinbayeva, Zh.K. (2022) Ethnocultural Semantics of Phraseological Units in Literary Text and Its Interlingual Transfer (Based on Kazakh and English Languages: Dissertation submitted for the degree of Doctor of Philosophy (PhD). Nur-Sultan, 124 p.] (in Kazakh)

Artistov, N.B. (1959) Osnovy perevoda. Moskva: Izdatel'stvo literatury na inostrannyh jazykah, S. 64-67. [Artistov, N.B. (1959) Fundamentals of Translation. Moscow: Foreign Languages Publishing House. Pp.64-67.] (in Russian)

Auezov, M. (1975) Abai (Abridged). Moscow: Progress Publishers, 459 p. (in English)

Auezov, M. (1989) Abaj zholy. Almaty: Zhazushy. Kn. 1. 608 b. [Auezov, M. (1989) The Path of Abai. Almaty: Zhazushy. Book 1. 608 p.] (in Kazakh)

Hermans, T. (2003) Cross-cultural Translation Studies as Thick Translation. Bulletin of the School of Oriental and African Studies, Vol. 66. No. 3. Pp.380-389. (in English)

Kashkin, I.A. (1977) Dlja chitatelja-sovremennika: stat'i i issledovaniya. Moskva: Sovetskij pisatel', S. 558-560. [Kashkin I.A. (1977) For the Contemporary Reader: Articles and Studies. Moscow: Soviet Writer. Pp. 558-560.] (in Russian)

Keller, T. (2010) Kulturtransferforschung: Grenzgänge zwischen den Kulturen. In: Kultur. Theorien der Gegenwart. Wiesbaden: VS Verlag für Sozialwissenschaften. S.101-114. (in German)

Liu, Yang (2025) Translation and English Language Learning: A Study on Its Effectiveness Across Different Levels of Proficiency. Vol. 30. Pp. 18539-18577. (in English)

- Lörscher, W. (1991) Translation Performance, Translation Process and Translation Strategies. Tübingen: Gunter Narr Verlag, 136 p. (in English)
- Otebaeva, E.A., Soltanbekova A.A. (2021) Halyqtyq olshem birlikterining jetnomadeni semantikalıq korinisi. Tiltany, No. 3(83). 89-102-bb. [Otebayeva, E.A., Soltanbekova A.A. (2021) Ethnocultural Semantic Representation of Folk Measurement Units. Tiltany, No. 3(83). Pp. 89-102.] (in Kazakh)
- Qartaeva, T. (2019) Manggystau, Ustirt qazaqtarynyng dasturli gidrotehnikalyq bilimi. Otan tarihy, No. 3(87), 205-223-bb. [Kartayeva, T. (2019) Traditional Hydrotechnical Knowledge of the Kazakhs of Mangystau and Ustirt. Otan tarikhy. No. 3(87). Pp. 205-223.] (in Kazakh)
- Qulmanov, S. (2015) Audarmanyng ozekti maseleleri. Almaty: Palitra-Press, 296 b. [Kulmanov, S. (2015) Current Issues of Translation. Almaty: Palitra-Press, 206 p.] (in Kazakh)
- Rsalieva, N. (2024) Korkem audarmanyng keleli maseleleri. (I. Esenberlinning «Koshpendiler» trilogiyasynyng orys zhane agylshyn tilderindegi audarmalary negizinde). Almaty: «Sardar G», 256 b. [Rsaliyeva, N. (2024) Problems of literary translation (based on translations of I. Yessenberlin's trilogy “Nomads” in Russian and English). Almaty: “Sardar G”, 256 p.] (in Kazakh)
- Savory, T. (1957) The Art of Translation. London: Jonathan Cape, 68 p. (in English)
- Seidimbek, A. (1997) Qazaq alemi: jetnomadeni pajymdau. Almaty: Sanat, 464 b. [Seidimbek, A. (1997) The Kazakh World: Ethnocultural Interpretation. Almaty: Sanat, 464 p.] (in Kazakh)
- Sırkıntı, H.G. (2025) Turkish-to-English Short Story Translation by DeepL: Human Evaluation by Trainees and Translation Professionals vs. Automatic Evaluation. Marmara University Journal. Vol. 11. Issue 1. Pp.17-42. (in English)
- Sibagatova, D.E. (2011) O tochnosti vosproizvedeniya nacional'nogo kolorita realij v perevodah povesti M. Auezova «Kokserek» na russkij i angliiskij jazyki. Eurasian Journal of Philology: Science and Education. Vol. 132. No. 2, 349-351-bb. [Sibagatova, D.E. (2011) On the Accuracy of Reproducing the National Colouring of Realia in the Russian and English Translations of M. Auezov's Story “Kokserek”. Eurasian Journal of Philology: Science and Education. Vol. 132. No. 2. Pp. 349-351.] (in Russian)
- Tauuly, A. (2017) Qazaq salt-dasturleri. Almaty: Balausa, 384 b. [Tauuly, A. (2017) Kazakh Customs and Traditions. Almaty: Balausa, 384 p.] (in Kazakh)
- Zeynalova, H. (2025) Translation Challenges of Cultural Realia in English Literary Texts: Semantic and Pragmatic Aspects. EuroGlobal Journal of Linguistics and Language Education. Vol. 2. No. 1. Pp. 70-78. (in English)
- Zhabayeva, S. (2023) The Pragmatics of Translating Proverbs and Sayings from Kazakh into English (on the Material of Book of Words by Abai Kunanbaev). Ablai Khan KazUIR&WL Bulletin. Philological Sciences Series. No. 3(70). Pp. 395-406. (in English)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 12.11.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 25.06.2026.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 30.06.2026.